АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИНДЕР АУДАНЫ
ИНДЕРБОР КЕНТІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ПОСЕЛКА ИНДЕРБОР
ИНДЕРСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

14.01.2026 № 11

Индербор кенті поселок Индербор

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асыру кезінде өнім берушіні анықтау туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 5,6-тармағына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес:

1. *«Байланыс қызметтері және басқа да телекоммуникация қызметтері үшін ақы төлеу қызметтерін сатып алу», «Көлік құралын техникалық байқау жөніндегі қызметін сатып алу», «Көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру қызметін сатып алу», «Сметалық құжаттамаларды жасау қызметін сатып алу», «Жиһаз жасау қызметін сатып алу», «Индер ауданы, Индербор кентіндегі көше жарығын техникалық күтіп ұстау қызметін сатып алу», «Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кентінде орналасқан бағдаршамдар мен жаяу жүргіншілер проекторларына техникалық қызмет көрсету және күтіп ұстау жұмыстарын сатып алу», «Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кентінде бейнебақылау жүйелерін жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарын сатып алу», «Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кентінде жол қозғалысы қауіпсіздігі белгілерін, жасанды жол кедергілерін күтіп ұстау және оларға қызмет көрсету жұмыстарын сатып алу», «Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кентіндегі трансформаторлар мен электр желілеріне техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарын сатып алу», «Саябақтар мен жасыл екпелер аумақтарына қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарын сатып алу», «Арамшөптерден тазарту жұмыстарын сатып алу», «Автомобиль жолдары мен жаяу жүргіншілер өткелдерін белгілеу бойынша жұмыстарын сатып алу», «Жол белгілерін орнату жөніндегі жұмыстарын сатып алу»* мемлекеттік сатып алу бойынша 16-баптың 3-тармағының 28 тармақшасы «егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық

Сканировано с CamScanner

есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу», шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. *«Индербор кентіндегі көше жарығына электроэнергия сатып алу», «Әкімшілік ғимараттарына электрэнергия сатып алу», «Ауыз су беру бойынша қызметін сатып алу»* мемлекеттік сатып алу бойынша 16-баптың 3-тармағының 1 тармақшасы «табиғи монополия салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтерін сатып алу немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымнан электр энергиясын сатып алу-сату».

3. *«Мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер сатып алу», «Жер-кадастр жұмыстарын сатып алу»* мемлекеттік сатып алу бойынша 16-баптың 3-тармағының 25 тармақшасы «Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу»

4. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға, өткізуге және одан туындайтын мәселелерге жауапты болып:

– ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып өнім берушіні анықтау;

– өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;

– шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру Индербор кенті әкімінің орынбасары К.Нуриевке жүктелсін.

5. Осы өкімнің тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 1-тармағына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 507-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу қағидаттарының жауапкершілікпен сақталуын және орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы өкім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

Индербор кенті әкімі **Ш.Альмурзиев**

Сканировано с CamScanner